көшірмесі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 23 қаңтар №5930-24-00-2/3589 іс Петропавл қаласы

Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

төрағалық етуші судья А.Ж.Кульжанова,

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде талап қою арызы бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Керімхан С.Ж.» жеке кәсіпкер Керімхан Саят Жамбылұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК 223-226, баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Керімхан Саят Жамбылұлы «Керімхан С.Ж.» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Керімхан Саят Жамбылұлы «Керімхан С.Ж.» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Керімхан Саят Жамбылұлы «Керімхан С.Ж.» жеке кәсіпкерінен 11 016 (он бір мың он алты) теңге мөлшерінде мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ жергілікті бюджет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде соттың шешімінің көшірмесін қолына алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде шешімнің күшін жою туралы сотқа арыз бере алады.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, сот талқылауына қатыспаған тұлғаларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде сот шешіміне аппеляциялық шағым, прокурор өтінішхатты Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бере алады.

Көшірме дұрыс

Судья **Кульжанова**

А.Ж.

Құжатқа қол қойылған: Кульжанова А. Ж., 23.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Кульжанова А. Ж., 04.03.2025

5930-24-3-1/3767